

Қызмет көрсету туралы келісім-шарт №10

Шымкент қ.

«02» ақпан 2026 ж.

«Бақжан» бөбекжай бақшасы «Бағым» ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, менгерушісі **Хакимжанова Д.А.**, Жарғы негізінде әрекет ететін, бір тараптан, және «101 kaska» ЖШС, бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын директоры **М.Д.Әділжанов**, Жарғы негізінде әрекет ететін, екінші тараптан, бірлесіп ескергенде «Тараптар», жеке айтқанда «Тарап» немесе жоғарыда айтылғандай осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарттың қосымшасына сәйкес, қызмет (бұдан әрі - Қызмет) көрсетуге, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді осы Шарт талаптарына сай қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Төменде көрсетілген құжаттар мен онда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын қызметтер тізімі (1- қосымша).

1.3. Қызмет көрсету мерзімі: тоқсан сайын, График бойынша (2 - қосымша).

1.4. Қызмет көрсету орны: Шымкент қаласы, Қайтпас шағын ауданы, Ақбаев көшесі, 26 үй.

1.5. Осы Келісім-шарттың қосымшасында белгіленген нақты талаптарға сәйкес Орындаушы Тапсырыс берушіге қызметтерді толығымен тапсырған жағдайда қызмет орындалған деп саналады.

2. Шарттың құны және ақы төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы 120 000 (жүз жиырма мың) теңге, ай сайынғы бөліп төлеу сомасы 10000 (он мың) теңге (әр айдың 5-ші күні), қызметтерді орындаумен байланысты барлық шығындар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған барлық салықтар мен алымдарды қамтиды.

2.2. Соманы тапсырыс беруші Орындаушы көрсетілетін Қызметтерді толық көлемде көрсетілгеннен кейін және көрсетілетін Қызметтер актісіне Тараптар қол қойғаннан кейін аударым түрінде төлейді. Жұмыстарды қабылдап алу-беру актісінің нысанын Орындаушы алдын ала тапсырыс берушімен келісіледі.

2.3. Орындалатын Қызметтердің көлемі сандық және бағалық түрінде Шарттың 1 қосымшасында көрсетілген.

2.4. Ақы төлей алдындағы қажетті құжаттар:

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) орындалған жұмыстардың актісі;
- 3) Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынған төлем шоты.

2.5. Қызмет көрсету үшін мамандардың жол жүруі Тапсырыс берушінің автокөлігінде жүзеге асырылады.

3. Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Орындаушы міндетіне алады:

3.1.1. Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге.

3.1.2. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тарапынан жұмысқа тартылған персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл арнайы маманға міндеттемелерді орындауға қажетті шамада құпия түрде ұсынылуы тиіс.

3.1.3. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру негізінде басқа мақсатта пайдаланбауға.

3.1.4. Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға.

3.2. Тапсырыс беруші:

3.2.1. Қызметтерді көрсету үшін Тапсырыс берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз ету міндетіне алады.

3.2.2. Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушінің Шарт бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдап алуға және төлеу міндетіне алады.

3.2.3. Осы келісімшартты үшінші тұлғаларға қатысты міндеттемелерді орындау үшін (қосалқы мердігерлік) пайдалануға болмайды.

4. Кепілдік

4.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақытылы Қызмет көрсетуді кепілдік етеді.

4.2. Тапсырыс беруші берілген кепілдікке байланысты барлық шағымдары туралы Орындаушыға жазбаша түрде жедел хабарлауға міндетті, одан кейін Орындаушы, осыған байланысты барлық шығындармен бірге, ақаулықтарды жою бойынша шараларды Тапсырыс беруші хабарламасында көрсеткен мерзім ішінде қолдануы қажет.

4.3. Шартқа қол қойғаннан кейін тапсырыс беруші не оның қатысушылары және түпкілікті иелері Орындаушыға қатысты байланысты тарабы болып табылмайтынына сөзсіз кепілдік береді.

5. Құпиялық шарттары

5.1. Осы Шарттың шеңберінде тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімшартты орындау барысында белгілі болған кез келген ақпарат құпия болып саналады, оның ішінде бірақ осымен шектелмей Орындаушының алынған нәтижелері, құрылтай құжаттары, рұқсат құжаттары.

5.2. Тараптардың әрқайсысы осы шарттың шеңберінде оған белгілі болған құпия ақпаратты рұқсат берілмеген пайдалануға, таратуға немесе жарияланудан қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

5.3. Екінші тараптың алдын ала жазбаша мақылдаусыз тура немесе жанама түрде қандай да бір нысанада немесе қандай да бір құралдармен құпия ақпаратты немесе оның бір бөлігін үшінші тұлғаға таратпауға, ашпауға немесе жарияламауға Тараптар келісті.

5.4. Құпиялылық шарттар осы Келісімшартқа қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 3 жыл ішінде әрекет етеді.

5.5. Әрбір Тараптар өз қызметкерлеріне өздерінің қызметтік міндеттерін атқару үшін қажетті құпия ақпараттың барлық және/немесе бір бөлігін жария етуге немесе беруге құқылы туралы Тараптар келісті.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Осы Келісімшарттың 2.2.-тармағын бұзған жағдайда, тапсырыс беруші келісімшарт сомасынан 0,5% (айыппұл, өсімақы) бірақ Келісімшарттың жалпы сомасынан 10% артық емес тұрақсыздық айыпты төлейді және/немесе Орындаушы осы Келісімшартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

6.2. Орындаушы тарапынан Жұмыстарды орындаудың Шартпен белгіленген мерзімдері бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды тоқтатуға құқылы.

6.3. Тұрақсыздықты төлеу Орындаушы Шарт бойынша өзінің міндеттерін орындаудан босатпайды.

6.4. Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін Орындаушыға қажетті өзгерістер құнның немесе мерзімнің өсуіне немесе азаюына әкелетін болса, онда келісімшарттың сомасы немесе Қызметтің көрсету мерзімі, немесе екеіде тиісті тәртіппен түзетіледі, сондай ақ Келісімшартқа енгізіген түзетулермен қосымша келісім жасалады. Орындаушының түзетулерді жүргізу туралы барлық сұранымдары Орындаушы тапсырыс берушіден өзгерістер туралы тапсырма алған күннен бастап 5 (бес) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

6.5. Орындаушы Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін біреуге толықтай немесе ішінара табыстамауы тиіс. Орындаушы Тапсырыс берушіге осы шарт аясында жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынуы тиіс.

7. Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу шарттары

7.1. Осы шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2027 жылдың 02 ақпанға дейін күшінде болады.

7.2. Егер, екі тараптың бірі белгіленген ұзарту немесе тоқтату мерзіміне дейін 10 жұмыс күн ішінде Келісімшартты бұзу туралы тілегін жазбаша түрде білдіретін болса келісімшарт автоматты түрде әрбәр келесі жылға ұзартылады. Тиісінше, Келісімшарттың әрекет мерзімінің аяқталуы басталатын жағдайда, осындай шарттарда келесі күннен бастап бұдан бұрын қол қойылған Келісімшарт әрекет етеді.

7.3. Шартты тараптардың келісім бойынша бұзуға болады, тараптарды күнтізбелік 30 күн бұрын хабардар етеді.

8. Форс-мажор

8.1. Тараптар Шарт талартарының орындалмауына жауапкершілік көтермейді, егер ол форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болып табылса.

8.2. Орындаушы Шарт орындалуының өз қамтамасыз едуне айырылмайды және айып төлем төлеу үшін немесе Шарт талаптарын орындамау себебінен оны бұзу үшін жауапты болмайды, егер Шарт орындау бойынша кідіріс форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болып табылса.

8.3. Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптар бақылауымен биліксіз және күтпеген сипатқа ие оқиғаны білдіреді. Ондай оқиғалар келесілерді қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе стихиялық апаттар және басқалар.

8.4. Форс-мажорлық жағдайлардың пайда болуы кезінде Орындаушы Тапсырыс берушіге ондай жағдайлар мен себептері туралы жазбаша хабарламаны жедел жіберуі тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқаша жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Орындаушы шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдайларға байланысты емес, Шартты орындаудың баламалы әдістерін іздейді.

9. Даулы мәселелерді шешу

9.1. Тапсырыс беруші мен Орындаушы Шарт бойынша немесе оған байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктерді тікелей келіссөз жүргізу барысында шешу үшін барлық күштерін салулары тиіс.

9.2. Егер осындай келіссөз басталғаннан кейін 10 күн ішінде Тапсырыс беруші мен Орындаушы шарт бойынша мәселені шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселенің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуін талап ете алады.

10. Хабарлама

10.1. Шартқа сәйкес, бір тараптан екінші тарапқа жолдауға кез келген хабарлама келесіде түпнұсқасын ұсынумен, хат, жедел хат, телекс немесе факс арқылы жіберіледі.

10.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күнінен бастап, осы екі мерзімнің қайсысы кеш келетініне байланысты өз күшіне енеді.

11. Өзге шарттар

11.1. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар тек олар жазбаша насада және Тараптардың осыған өкілетті өкілдері қол қойған және олардың мөрлерімен бекітілген жағдайда ғана шынайы деп танылады.

11.2. Тараптардың біреуімен Шарт бойынша міндеттерін тапсыру тек басқа жақтың жазбаша рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

11.3. Шарт бірдей заңды күшіне ие мемлекеттік және ресми тілінде екі нұсқада құрастырылған, әр Тарап үшін бір нұсқадан.

11.4. Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сүйенеді.

12. Тараптардың реквизиттері:

<p>Тапсырыс беруші: «Бақжан» бөбекжай бақшасы «Бағым» ЖШС Шымкент қаласы, Қайтпас шағын ауданы, Ақбаев көшесі, 26 үй. БСН 161141010139 Банк «Банк Центр Кредит» АҚ БСК КСJBKZKX KZ758562203150050350</p> <p>Менгеруші  /Д.А. Хақимжанова</p>	<p>Орындаушы: «101kaska» ЖШС Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Новои көшесі, 7 үй, пәт. 262, пошта индексі 050000 БСН 251040004124 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЖСК KZ51601A861068918161 БСК HSBKKZKX</p> <p>Директор  /М.Д. Әділжанов</p>
--	---



Қызмет көрсету туралы №10 келісім-шартқа сәйкес жүргізілетін қызметтер:

- Өрт дабылқаққыш жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу жұмыстарын есепке алу бойынша арнайы журнал жүргізу;
- Ғимараттың шатыр жаппасының ағаш конструкцияларын оттан қорғайтын өңдеу жұмыстарын жүргізу және оттан қорғайтын өңдеудің (сіңірудің) оттан қорғау тиімділігін растаумен жүзеге асыру;
- Өрт сөндіргіштерге (огнетушитель) жөндеу жұмыстары мен қайта толтыру жұмыстарын жүргізу;
- Қызметкерлерді өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша оқудан, өртке қарсы нұсқаулықтан өткізу, құәлік ұсыну.

**№10 келісім шартқа сәйкес қызмет көрсету
графикі**

№ р/с	Қызмет түрі	Қызмет көрсету мерзімі	Ескертпе
1	Өрт дабылқакқыш жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу жұмыстарын есепке алу бойынша арнайы журнал жүргізу;	Тоқсан сайын	
2	Ғимараттың шатыр жаппасының ағаш конструкцияларын оттан қорғайтын өңдеу жұмыстарын жүргізу және оттан қорғайтын өңдеудің (сіңірудің) оттан қорғау тиімділігін растаумен жүзеге асыру;	Тамыз айының 10 мен 30 аралығында	
3	Өрт сөндіргіштерге (огнетушитель) жөндеу жұмыстары мен қайта толтыру жұмыстарын жүргізу;	Мерзімі өткен күннен 10 күн аралығында	
4	Қызметкерлерді өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша оқудан, өртке қарсы нұсқаулықтан өткізу, күәлік ұсыну.	Мерзімі өткен күннен 10 күн аралығында	